

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрінің және Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрінің міндеттін атқарушының кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Көлік министрінің 2023 жылғы 28 қарашадағы № 105 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 30 қарашада № 33704 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Халықаралық автомобильмен жүк тасымалдауды жүзеге асыруға автомобильмен тасымалдаушыларға рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің 2011 жылғы 24 тамыздағы № 523 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7204 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Халықаралық автомобильмен жүк тасымалдауды жүзеге асыруға автомобильмен тасымалдаушыларға рұқсат беру қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жүктерді халықаралық автомобильмен тасымалдауды жүзеге асыруға:

1) жүк автомобильдері (тіркемені қоса алғанда, рұқсат етілген жалпы салмағы 6 тоннадан асатын немесе тіркемені қоса алғанда, рұқсат етілген пайдалы жүктеме 3,5 тоннадан астам) және (немесе) арнайы автомобильдері (жүктердің белгілі бір түрлерін тасымалдауға арналған) және (немесе) тұрақты немесе уақытша, оның ішінде еkipажбен жалға алынғандарды қоспағанда, лизинг шарты, бірлескен қызмет туралы шарт, шарттың екінші тараپына шетелдік рұқсаттарды беру көзделген агенттік келісім бойынша иеліктері арнаулы автомобильдері (әртүрлі, негізінен көліктік емес жұмыстарды орындауға арналған);

2) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген және электрондық (цифрлық) тахографтарды пайдалану кезінде Қазақстан Республикасында берілген жүргізушилердің қолданыстағы карточкасы бар автокөлік құралдарының санынан кем емес мөлшерде шетелдік азаматтарды қоса алғанда, жұмысқа орналастырылған қызметкерлері бар жеке және занды тұлғаларға рұқсат етіледі.

Жүктерді автомобильмен халықаралық тасымалдауды жүзеге асыруға:

- 1) мемлекеттік немесе міндетті техникалық байқаудан өткен;
- 2) жартылай тіркемені (тіркеме) қоспағанда, тахографтармен жабдықталған;
- 3) жартылай тіркемені (тіркеме) қоспағанда, тахографты мерзімді тексеру (инспекция) туралы қолданыстағы куәлігі бар;

4) жартылай тіркемені (тіркеме) қоспағанда, тахографты тексеру туралы қолданыстағы сертификаты бар автокөлік құралдарына рұқсат етіледі.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Рұқсатты және (немесе) рұқсат беру карточкасын ресімдеуді және беруді Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) жүзеге асырады.";

7, 8, 9, және 10-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, қызметті көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес "Халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыруға рұқсат беру туралы куәлік және автокөлік құралдарына рұқсат беру карточкасын беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі - негізгі талаптар тізбесі) жазылған.

Жеке және занды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушылар) шетелдік рұқсатты қолданбай Рұқсат және шетелдік рұқсатты қолданбай рұқсат карточкасын алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі-портал) арқылы:

1) алынатын мемлекеттік көрсетілетін қызметке байланысты осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦК) қол қойылған электрондық құжат нысанындағы өтінішті;

2) автокөлік құралын жалдау шартының түрлі-түсті электрондық көшірмесін (автокөлік құралын жалға алған жағдайда);

3) жартылай тіркемені (тіркемені) қоспағанда, тахографты мерзімді тексеру (инспекциялау) туралы куәліктің түрлі-түсті электрондық көшірмесін;

4) жартылай тіркемені (тіркемені) қоспағанда, тахографты тексеру туралы сертификаттың түрлі-түсті электрондық көшірмесін жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы өтініште және ұсынылатын құжаттарда (мемлекеттік тіркеу белгісі, көлік құралының типі, маркасы, моделі, шығарылған күні, автокөлік құралдарын жалдау шарты туралы мәліметтер (бар болса) және тахографты мерзімді тексеру (инспекция) туралы куәліктің көшірмелері) мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз етеді.

8. Көрсетілетін қызметті алушы шетелдік рұқсатты қолдана отырып, Рұқсат алған күннен бастап алты ай өткен соң шетелдік рұқсатты қолданбай Рұқсатты алады.

Халықаралық автомобильмен жүктерді тасымалдауды алты ай ішінде жүзеге асыру мерзімі соңғы алты айдағы мынадай құжаттармен:

1) жартылай тіркемені (тіркемені) қоспағанда, қызметті алушының рұқсат карточкалары алынған автокөлік құралдарының қатысуымен тасымалдауды жүзеге асырғанын растайтын, алдыңғы алты айданың әрбір 3 айы үшін кемінде 1 ТКЖ және/ немесе CMR тауар-көлік жүккүжатымен (бұдан әрі - ТКЖ), халықаралық тауар-көлік жүккүжатымен (CMR);

2) алдыңғы алты ай үшін "Салық есептілігі нысандарын және оларды жасау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 20 қантардағы № 39 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19897 болып тіркелген) шағын бизнес субъектілері үшін оңайлатылған декларация нысандарымен (910.00-нысан, қосымшасыз), жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша декларация нысандарымен (200.00-нысан, қосымшасыз);

3) теңгерімінде көрсетілетін қызметті алушының меншігіндегі бірден астам автокөлік құралы бар және жалдамалы еңбекті пайдаланбай қызметін жүзеге асыратын дара кәсіпкерлерді қоспағанда, "Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесінде еңбек шарты туралы мәліметтерді ұсыну және алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 3 қыркүйектегі № 353 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21173 болып тіркелген) жүк автокөлік құралдары жүргізушилерінің еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесінен (бұдан әрі - ЕШЕАБЖ) жұмысқа орналастырылған қызметкерлер туралы мәліметтермен;

4) электрондық (цифрлық) тахографтарды пайдалану кезінде Қазақстан Республикасында берілген жүргізушиңін карточкаларымен;

"Қазақстан Республикасының 1970 жылғы Халықаралық автомобиль тасымалын жүзеге асыратын көлік құралдары экипаждарының жұмысына қатысты Еуропа келісіміне (ККЕК) қосылуы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 12 мамырдағы № 2272 Жарлығына сәйкес 2010 жылғы 16 маусымнан бастап алғаш рет пайдалануға берілген автокөлік құралдарына қолданылады;

5) Қазақстан Республикасында уақытша және/немесе тұрақты тұруға рұқсаты бар шетелдік адамның (жүргізушиңін) еңбек қызметін жүзеге асыру мерзіміне Қазақстан Республикасының аумағында болуына рұқсат беретін құжаттармен расталады.

9. Көрсетілетін қызметті алушылар шетелдік рұқсатты қолдана отырып, Рұқсат және шетелдік рұқсатты қолдана отырып, рұқсат беру карточкасын алу үшін көрсетілетін қызметті алушыға портал арқылы:

1) алынатын мемлекеттік қызметке байланысты осы Қағидаларға 3-қосымшага сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанындағы өтінішті;

2) осы Қағидалардың 8-тармағында көзделген құжаттарды;

3) автокөлік құралын жалдау шартының түрлі-түсті электрондық көшірмесін (автокөлік құралын жалға алған жағдайда);

4) жартылай тіркемені (тіркеме) қоспағанда, тахографты мерзімді тексеру (инспекциялау) туралы куәліктің түрлі-түсті электрондық көшірмесін;

5) жартылай тіркемені (тіркеме) қоспағанда, тахографты тексеру туралы сертификаттың түрлі-түсті электрондық көшірмесін жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушыда жаңа автокөлік құралын сатып алған және/немесе автокөлік құралын жалға алған жағдайда шетелдік рұқсатты қолдана отырып, рұқсат карточкасын алу үшін шетелдік рұқсатты қолдана отырып, Рұқсаты болған кезде көрсетілетін қызметті берушіге осы Қағидалардың 8-тармағының 1) тармақшасында көзделген құжаттарды жіберу талап етілмейді.

Егер көрсетілетін қызметті алушы және/немесе құрылтайшы және/немесе көрсетілетін қызметті алушының басшысы Рұқсат алған басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы және/немесе басшысы болып табылған жағдайда, шетелдік рұқсатты қолдана отырып және шетелдік рұқсатты қолданбай рұқсатты беруге жол берілмейді.

Мынадай автокөлік құралдарына:

1) екипажы бар жалға алынған автокөлік құралдарына (бірлескен қызмет туралы шарт, шарттың екінші тарапына шетелдік рұқсаттарды беру көзделген агенттік келісімдер);

2) шетелдік тұлғаға, шетелдік қатысуы бар заңды тұлғаға тиесілі, жалға алынған автокөлік құралдарына;

3) Қазақстан Республикасы аумағында уақытша мемлекеттік тіркеуде тұрған автокөлік құралдарына шетелдік рұқсатты қолдана отырып және шетелдік рұқсатты қолданбай рұқсат карточкаларын беруге жол берілмейді.

Соңғы 6 (алты) айда екі реттен артық жалға алынған сол бір автокөлік құралына шетелдік рұқсатты қолдана отырып және шетелдік рұқсатты қолданбай рұқсат карточкаларын беруге жол берілмейді.

Көрсетілетін қызметті алушы өтініште және ұсынылатын құжаттарда (мемлекеттік тіркеу белгісі, көлік құралының типі, маркасы, моделі, шығарылған күні, автокөлік құралдарын жалдау шарты туралы мәліметтер (бар болса) және тахографты мерзімді тексеру (инспекция) туралы куәліктің көшірмелері) мәліметтердің толықтығы мен дүрыстығын қамтамасыз етеді.

10. Көрсетілетін қызметті алушы шетелдік рұқсатты қолдана отырып Рұқсатты және (немесе) шетелдік рұқсатты қолдана отырып рұқсат беру карточкасын алу кезінде өзі мәлімдеген мәліметтердің өзгергені туралы көрсетілетін қызметті берушіні хабардар етеді және осындай өзгерістерді растайтын құжаттарды осындай мәліметтер өзгерген күннен бастап немесе олардың өзгергені туралы өзіне белгілі болған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде ұсынады.

Шетелдік рұқсатты қолдана отырып, Рұқсатты және (немесе) шетелдік рұқсатты қолдана отырып, рұқсат карточкасын алған кезде мәлімделген мәліметтердің өзгерісі анықталған кезде тасымалдаушы алынған шетелдік рұқсаттардың елу пайызынан астамын қайтартаса, көрсетілетін қызметті беруші 2 (екі) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға бұзушылық жойылғанға дейін шетелдік рұқсатты қолдана отырып, Рұқсаттың және (немесе) шетелдік рұқсатты қолдана отырып, рұқсат карточкасының қолданысын тоқтата тұру туралы хабарлама жібереді. Бұзушылықты жою елу пайыздан астам алынған шетелдік рұқсаттарды қайтартуды қамтамасыз ету және осы Қағидалардың 18-тармағына сәйкес сұрау салу беру болып табылады.";

20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Рұқсат және (немесе) рұқсат беру карточкасы мынадай:

1) жеке кәсіпкердің қызметі тоқтатылған, заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру нәтижесінде таратылған немесе қызметі тоқтатылған;

2) автокөлік құралдарының тіркеу деректері өзгерген;

3) автокөлік құралдарын жалдау шартының мерзімі өткен;

4) автокөлік құралы мемлекеттік тіркеуден және есептен шығарылған;

5) Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің аумақтық органдары және (немесе

) Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті (бұдан әрі – Комитет) осы Қағидалардың 2 және 8-тармақтарына сәйкес келмейтін болып белгілеген;

6) соңғы 12 (он екі) ай ішінде шетелдік рұқсатты қолдануға байланысты бұрмалауды (шетелдік рұқсатты үшінші тұлғаларға беруді жасыру мақсатында автокөлік құралының МТНБ-ны дұрыс пайдаланылған деген атпен ауыстыру, шетелдік рұқсатты басқа тұлғаға беру) ;

7) Рұқсат алуға арналған өтініште көрсетілген жерде тасымалдаушының жоқтығы анықталған;

8) құрылтайшы және (немесе) көрсетілетін қызметті алушының басшысы құрылтайшы және (немесе) басшы болып табылатын басқа заңды тұлғада рұқсат болған кезде өз қолданысын тоқтатады.

Осы тармақтың 1) - 8) тармақшаларында көзделген жағдайлар анықталған кезде 1 (бір) жұмыс күні ішінде Рұқсаттың және (немесе) рұқсат беру карточкасының қолданысын тоқтатуды аумақтық орган және (немесе) Комитет Рұқсат және (немесе) рұқсат беру карточкасын алған жеке кәсіпкерді және (немесе) заңды тұлғаны хабардар ете отырып, Рұқсаттың және (немесе) рұқсат карточкасының күшін жойған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтінімдерді электрондық беру жүйесінде олардың күшін жою жолымен жүзеге асырады.";

1, 2, 3, 6, 7, 8 және 9-қосымшалар осы бүйрыққа 1, 2, 3, 4, 5, 6 және 7-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2) "Қазақстан Республикасының халықаралық катынастағы автомобильмен тасымалдауларында рұқсат беру жүйесін қолдану қағидаларын бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндеттін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 353 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11704 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастағы автомобильмен тасымалдауларында рұқсат беру жүйесін қолдану қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қағидалар меншік құқығында немесе өзге де занды негіздерде мынадай автокөлік құралдарына иелік ететін отандық және шетел тасымалдаушыларына қолданылады:

1) автобустар, шағын автобустар;

2) жүк автомобильдері (тіркемені қоса алғанда, рұқсат етілетін жалпы салмағы 6 тоннадан астам немесе тіркемені қоса алғанда, рұқсат етілетін пайдалы жүктемесі 3,5 тоннадан астам);

3) мамандандырылған автомобильдер (белгілі бір жүк түрін тасымалдауға арналған)

;

4) арнайы автомобильдер (әртүрлі, көбінесе көліктік емес жұмыстарды орындауға арналған).";

56-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"56. Шетелдік тасымалдаушылар Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жүріп өту құқығын растайтын отандық рұқсаттарда жол жүрер алдында мыналарды толтырады:

1) тасымалдаушының атауы мен оның занды мекенжайы;

2) автокөлік құралының нөмірі;

3) жүкті тиесу елі;

4) жүкті түсіру елі;

5) тасымалданатын жүктің атауы;

6) тасымалданатын жүктің салмағы;

7) шекарадағы өткізу орны;

8) Қазақстан Республикасы бойынша жүру бағыты;

9) тиесу қаласы;

10) түсіру қаласы.

Отандық рұқсаттарда түзетулерге жол берілмейді.

Отандық рұқсат бланкісінің тармақтары толтырылмаған не оларда анық емес ақпарат көрсетілген кезде, сондай-ақ рұқсатта көлік құралының Қазақстан Республикасының аумағына кіргені не оның Қазақстан Республикасының аумағынан кеткені туралы белгілер қойылмаса, рұқсат жарамсыз деп есептеледі, яғни оның болмауымен тең".

2. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің АвтомобиЛЬ көлігі және көліктік бақылау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Көлік вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Көлік министрі

M. Карабаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Бәсекелестікті қорғау

және дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Еңбек және халықты әлеуметтік

қорғау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Сауда және интеграция

министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Цифрлық даму, инновациялар

және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасының

Көлік министрінің

2023 жылғы 28 қарашадағы

№ 105 Бұйрыққа

1-қосымша

Халықаралық автомобильмен

жүк тасымалдауды жүзеге

асыруға автомобильмен

тасымалдаушыға рұқсат беру

қағидаларына

1-қосымша

"Халықаралық автомобильмен тасымалдауды жүзеге асыруға рұқсат беру туралы куәлік және автокөлік құралына рұқсат беру карточкасын беру" мемлекеттік қызметтің көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы: "Халықаралық автомобильмен тасымалдауды жүзеге асыруға рұқсат беру туралы куәлік және автокөлік құралына рұқсат беру карточкасын беру".

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы:

- 1) Шетелдік рұқсатты қолдана отырып, халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыруға рұқсат беру куәлігі;
- 2) Шетелдік рұқсатты қолданбай халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыруға рұқсат беру куәлігін беру;
- 3) Шетелдік рұқсатты қолдана отырып, автокөлік құралына рұқсат беру карточкасын беру;
- 4) Шетелдік рұқсатты қолданбай автокөлік құралына рұқсат беру карточкасын беру.

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің аумақтық бөлімшелері.
2	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	Барлық кіші түрлері "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы.
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Барлық кіші түрлері 2 (екі) жұмыс күні.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Барлық кіші түрлері электрондық (толық автоматтандырылған).
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	<p>1) шетелдік рұқсатты қолдана отырып, халықаралық автомобильмен жүк тасымалдауға рұқсат беру куәлігі;</p> <p>2) шетелдік рұқсатты қолданбай халықаралық автомобильмен жүк тасымалдауға рұқсат беру куәлігі;</p> <p>3) шетелдік рұқсатты қолдана отырып автокөлік құралына рұқсат беру карточкасы;</p> <p>4) шетелдік рұқсатты қолданбай автокөлік құралына рұқсат беру карточкасы.</p>
		Рұқсат беру куәлігін беру үшін мемлекеттік баж "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде (Салық кодексі) 615-бабы 10) тармақшасында белгіленген баж мөлшерлемесі бойынша республикалық бюджетке төленеді және мемлекеттік баж төленген күнге

6

Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері

белгіленген 0,25 айлық есептік көрсеткішті құрайды.

Мемлекеттік бажды төлеу екінші деңгейдегі банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын үйымдар немесе электрондық үкіметтің планшettік шлюзі (бұдан әрі - ЭУПШ) арқылы қолма-қол және қолма-қол ақшасыз нысандарда жүзеге асырылады.

Ақылы түрде:

1) шетелдік рұқсатты қолдана отырып, халықаралық автомобильмен жұк тасымалдауға рұқсат беру куәлігі;

2) шетелдік рұқсатты қолданбай, халықаралық автомобильмен жұк тасымалдауға рұқсат беру куәлігі;

Тегін түрде:

1) шетелдік рұқсатты қолдана отырып, автокөлік көүралына рұқсат беру карточасы;

2) шетелдік рұқсатты қолданбай автокөлік көүралына рұқсат беру карточасы.

7

Көрсетілетін қызметті беруші, Мемлекеттік корпорация және акпарат объектілерінің жұмыс кестесі

1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсетілетін қызметті алушының тіркелген жері бойынша, жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен көрсетіледі;

2) порталда - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін

	<p>, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заннамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жузеге асырылады.</p>
	<p>Шетелдік рұқсатты қолданбай Рұқсатты алу үшін және шетелдік рұқсатты қолданбай рұқсат карточкасын алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге мыналарды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) алынатын мемлекеттік көрсетілетін қызметке байланысты осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтанбасымен (бұдан әрі – ЭЦК) қол қойылған электрондық құжат нысанындағы өтінішті; 2) автокөлік құралын жалдау шартының түрлі-түсті электрондық көшірмесін (автокөлік құралын жалға алған жағдайда); 3) жартылай тіркемені (тіркемені) қоспағанда, тахографты мерзімді тексеру (инспекциялау) туралы куәліктің түрлі-түсті электрондық көшірмесін; 4) жартылай тіркемені (тіркемені) қоспағанда, тахографты тексеру туралы сертификаттың түрлі-түсті электрондық көшірмесін "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі-портал) арқылы жібереді. <p>Көрсетілетін қызметті алушы өтініште және ұсынылатын құжаттарда (мемлекеттік тіркеу белгісі, көлік құралының типі, маркасы, моделі, шығарылған күні, автокөлік құралдарын жалдау шарты туралы мәліметтер (бар болса) және тахографты мерзімді тексеру (инспекция) туралы куәліктің көшірмелері) мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз етеді.</p>

Қазақстан Республикасының
заннамасында белгіленген

Шетелдік рұқсатты қолдана отырып Рұқсатты және шетелдік рұқсатты қолдана отырып рұқсат беру карточкасын алу үшін көрсетілетін қызметті алушыға портал арқылы:

- 1) алынатын мемлекеттік көрсетілетін қызметке байланысты осы Қағидаларға З-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат нысанындағы өтінішті;
- 2) автокөлік құралын жалдау шартының түрлі-түсті электрондық көшірмесін (автокөлік құралын жалға алған жағдайда);
- 3) жартылай тіркемені (тіркемені) қоспағанда, тахографты мерзімді тексеру (инспекциялау) туралы куәліктің түрлі-түсті электрондық көшірмесін;
- 4) жартылай тіркемені (тіркемені) қоспағанда, тахографты тексеру туралы сертификаттың түрлі-түсті электрондық көшірмесін жібереді. Көрсетілетін қызметті алушы өтініште және ұсынылатын құжаттарда (мемлекеттік тіркеу белгісі, көлік құралының типі, маркасы, моделі, шығарылған күні, автокөлік құралдарын жалдау шарты туралы мәліметтер (бар болса) және тахографты мерзімді тексеру (инспекция) туралы куәліктің көшірмелері) мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз етеді.

- 1) отандық тасымалдаушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігі анықталуы;
- 2) отандық тасымалдаушының (көрсетілетін қызметту алушының) және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған құжаттардың, деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда

	мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту негіздері	белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;
		3) отандық тасымалдаушыға (көрсетілетін қызметту алушыға) қатысты мемлекеттік қызмет ауды талап ететін қызметті немесе жекеленген қызмет тірлерін атқаруға, оның ішінде жүктөрді тасымалдауға тыбым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің(үкімінің) болуы.
10	Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	<p>Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары интернет-ресурстарда орналастырылған:</p> <p>1) Министрліктің – www.transport.gov.kz "Автомобиль көлігі және көліктік бакылау комитеті" бөлімінің "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі; www.egov.kz порталы.</p> <p>2) Көрсетілетін қызметті алушының Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі Бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>3) Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі Бірыңғай байланыс орталығының телефоны: 1414, 8 800 080 7777.</p> <p>4) Көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ болған жағдайда Мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алды.</p>

2-қосымша

Халықаралық автомобильмен

жүк тасымалдауды жүзеге

асыруға автомобильмен

тасымалдаушыға рұқсат беру

қағидаларына

2-қосымша

Нысан

(көліктік бакылау органдының атауы)

Өтініш

Шетелдік рұқсатты қолданбай, халықаралық автомобильмен жүк тасымалдауды жүзеге асыруға рұқсат беру куәлігін және (немесе) Шетелдік рұқсатты қолданбай автокөлік құралына рұқсат беру карточкасын алуға арналған

(жеке кәсіпкердің ТАӘ (бар болған жағдайда) немесе заңды тұлғаның атауы)

Мына автокөлік құралдарына шетелдік рұқсатты қолданбай, халықаралық автомобильмен жүк тасымалдауды жүзеге асыруға рұқсат беру куәлігін және (немесе) шетелдік рұқсатты қолданбай автокөлік құралына рұқсат беру карточкасын беруді сұраймын:

№ п/п	Автокөлік құралының маркасы	Мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі	А К К сәйкестендіру нөмірі (VIN)	Тенгерімдегі АКК/ жалға а л у құқығындағы АКК	АКК жалға а лға н жағдайда, АКК жалға а л у шартының қолданылу мерзімі	Жүргізушиңің ТАӘ (бар болған жағдайда), ЖСН

ЖСН/БСН _____

Мекенжайы _____

(индекс, қала, аудан, облыс, көше, үйдің №, телефон, факс)

Қоса берілетін құжаттар:

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін

ТАӘ (бар болған жағдайда) (қолы)

Мөр орны (болған жағдайда)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

АКК – Автокөлік құралы;

ЖСН - Жеке сәйкестендіру нөмірі;

БСН - Бизнес сәйкестендіру нөмірі;

ТАӘ - тегі, аты, әкесінің аты.

Бұйрыққа
3-қосымша

Халықаралық автомобильмен
жүк тасымалдауды жүзеге
асыруға автомобильмен
тасымалдаушыға рұқсат беру
қағидаларына
3-қосымша

Нысан

(көліктік бақылау органдының атауы)

Отініш

Шетелдік рұқсатты қолданбай, халықаралық автомобильмен жүк тасымалдауды жүзеге асыруға рұқсат беру куәлігін және (немесе) Шетелдік рұқсатты қолданбай автокөлік құралына рұқсат беру карточкасын алуға арналған

(жеке кәсіпкердің ТАӘ (бар болған жағдайда) немесе заңды тұлғаның атауы)

Мына автокөлік құралдарына шетелдік рұқсатты қолдана отырып, халықаралық автомобильмен жүк тасымалдауды жүзеге асыруға рұқсат беру куәлігін және (немесе) шетелдік рұқсатты қолдана отырып автокөлік құралына рұқсат беру карточкасын беруді сұраймын:

№ п/п	Автокөлік құралының маркасы	Мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі	А КҚ сәйкестендіру нөмірі (VIN)	Тенгерімдегі АКҚ/ Жжалға а л у құқығындағы АКҚ	АКҚ жалға алған жағдайда, АКҚ жалға а л у шартының қолданылу мерзімі	Жүргізушінің ТАӘ (бар болған жағдайда) ЖСН
-------	-----------------------------	-------------------------------------	---------------------------------	--	--	--

(ЖСН)/(БСН) _____

Мекенжайы _____

(индекс, қала, аудан, облыс, көше, үйдің №, телефон, факс)

Коса берілетін құжаттар: _____

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін

ТАӘ (бар болған жағдайда) (қолы)

Мөр орны (болған жағдайда)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

АКҚ – Автокөлік құралы;

ЖСН - Жеке сәйкестендіру нөмірі;

БСН - Бизнес сәйкестендіру нөмірі;

ТАӘ - тегі, аты, әкесінің аты.

Халықаралық автомобильмен
жүк тасымалдауды жүзеге
асыруға автомобильмен
тасымалдаушыға рұқсат беру
қағидаларына
6-қосымша

Нысан

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы Қазақстан Республикасы Көлік
министрлігі

**ШЕТЕЛДІК РҰҚСАТТЫ ҚОЛДА ОТЫРЫП, АВТОКӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫНА РҰҚСАТ
БЕРУ КАРТОЧКАСЫ**

(ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖҮК ТАСЫМАЛЫНА)

**КАРТОЧКА ДОПУСКА НА АВТОТРАНСПОРТНОЕ СРЕДСТВО С ПРИМЕНЕНИЕМ
ИНОСТРАННОГО РАЗРЕШЕНИЯ**

(МЕЖДУНАРОДНЫЕ ПЕРЕВОЗКИ ГРУЗОВ)

Тіркеу №/ Регистрационный № _____

Рұқсатқа тіркелу күелігіне/

К Удостоверению допуска с применением иностранного разрешения
регистрационный №

____ от ____ 20 ____ жылғы/ года

Жарамдылық мерзімі/ Действительна по: ____ 20 ____ года

Автокөлік құралының маркасы/ Марка автотранспортного средства: _____

— Тіркеу белгісі №/ Регистрационный знак № _____

автокөлік құралының сәйкестендіру нөмірі (VIN) / идентификационный номер (VIN)
)

автотранспортного средства № _____

Куәлік иесі/ Владелец Удостоверения: _____

Рұқсат берілді/ Разрешение выдано _____

(Күзыретті мекеменің атауы, ТАӘ (бар болған жағдайда), берілген уақыты/
наименование

уполномоченного органа, ФИО (при его наличии), дата, выдачи)

Шетелдік рұқсатты қолдана отырып, рұқсат беру карточкасы 2 (екі) жылға беріледі
(қолданылу мерзімі берілген сәттен бастан есептеледі)/Карточка допуска с
применением иностранного разрешения выдается на 2 (два) года (срок действия
исчисляется с момента выдачи).

Жалға алынған автокөлік құралдарына шетелдік рұқсатты қолдана отырып, рұқсат карточкасының қолдану мерзімі жалдау шартының мерзімінін негізге ала отырып, берілген сәттен бастан 2 (екі) жылға айқындалады/ На арендованные автотранспортные средства срок действия карточки допуска с применением иностранного разрешения определятся исходя из срока договора аренды, 2 (два) года с момента ее выдачи.

Бұйрыққа

5-косымша

Халықаралық автомобильмен
жүк тасымалдауды жүзеге

асыруға автомобильмен

тасымалдаушыға рұқсат беру

қағидаларына

7-косымша

Нысан

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі

ШЕТЕЛДІК РҰҚСАТТЫ ҚОЛДАНБАЙ, АВТОКӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫНА РҰҚСАТ БЕРУ КАРТОЧКАСЫ

(ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖҮК ТАСЫМАЛЫНА) КАРТОЧКА ДОПУСКА НА АВТОТРАНСПОРТНОЕ СРЕДСТВО БЕЗ ПРИМЕНЕНИЯ ИНОСТРАННОГО РАЗРЕШЕНИЯ

(МЕЖДУНАРОДНЫЕ ПЕРЕВОЗКИ ГРУЗОВ)

Тіркеу №/ Регистрационный № _____

Рұқсатқа тіркелу куәлігіне/

К Удостоверению допуска без применения иностранного разрешения
регистрационный №

____ от ____ 20 ____ жылғы/ года

Жарамдылық мерзімі/ Действительна по: ____ 20 ____ года

Автокөлік құралының маркасы/ Марка автотранспортного средства: _____

____ Тіркеу белгісінің №/ Регистрационный знак № _____
автокөлік құралының сәйкестендіру нөмірі (VIN)/ идентификационный номер (VIN)
)

автотранспортного средства № _____

Куәлік иесі/ Владелец Удостоверения: _____

Рұқсат берілді/ Разрешение выдано _____

(Құзыретті мекеменің атауы, ТАӘ (бар болған жағдайда), берілген уақыты/
наименование

уполномоченного органа, ФИО (при его наличии), дата, выдачи)

Шетелдік рұқсатты қолданбай рұқсат беру карточкасы 2 (екі) жылға беріледі (қолданылу мерзімі берілген сәттен бастан есептеледі)/Карточка допуска без применения иностранного разрешения выдается на 2 (два) года (срок действия исчисляется с момента выдачи).

Жалға алынған автокөлік құралдарына шетелдік рұқсатты қолданбай рұқсат карточкасының қолдану мерзімі жалдау шартының мерзімінін негізге ала отырып, берілген сәттен бастан 2 (екі) жылға айқындалады/ На арендованные автотранспортные средства срок действия карточки допуска без применения иностранного разрешения определятся исходя из срока договора аренды, 2 (два) года с момента ее выдачи

Бұйрыққа

6-қосымша

Халықаралық автомобильмен

жүк тасымалдауды жүзеге

асыруға автомобильмен

тасымалдаушыға рұқсат беру

қагидаларына

8-қосымша

Нысан

(көліктік бақылау органдының атауы)

Өтініш

Жаңа шетелдік рұқсатты қолданбай, халықаралық автомобильмен жүк тасымалдауды жүзеге асыруға рұқсат беру куәлігін және (немесе) шетелдік рұқсатты қолданбай автокөлік құралына рұқсат беру карточкасын алуға

(жеке кәсіпкердің ТАӘ (бар болған жағдайда) занды тұлғаның атауы)

Мынадай автокөлік құралдарына:

1) жеке кәсіпкердің ТАӘ (бар болған жағдайда), атауымен, орналасқан жерінің өзгеруіне;

2) занды тұлғаның атауының, орналасқан жерінің өзгеруіне және қайта үйимдастырылуына;

3)) автокөлік құралының мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісінің ауысуына байланысты Халықаралық автомобильмен жүк тасымалдауды жүзеге асыруға жаңа рұқсат беру куәлігін және (немесе) рұқсат беру карточкасын беруінізді сұраймын.

(көрегінің астын сызу)

				АКК жалға алған	
--	--	--	--	--------------------	--

№ п/п	Автокөлік құралының маркасы	Мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі	А К К сәйкестендіру нөмірі (VIN)	Тенгерімдегі АКК/ Жалға а л у құқығындағы АКК	жағдайда, АКК жалға а л у шартының қолданылу мерзімі	Жүргізушінің ТАӘ (бар болған жағдайда) ЖСН
-------	-----------------------------	-------------------------------------	----------------------------------	---	--	--

ЖСН/БСН

Мекенжайы

(индекс, қала, аудан, облыс, көше, үйдің №, телефон, факс)

Қоса берілетін құжаттар:

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді

пайдалануға келісемін

ТАӘ (бар болған жағдайда) (қолы)

Мөр орны (болған жағдайда)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

АКК – Автокөлік құралы;

ЖСН - Жеке сәйкестендіру нөмірі;

БСН - Бизнес сәйкестендіру нөмірі;

ТАӘ - тегі, аты, әкесінің аты.

Бұйрықта

7-қосымша

Халықаралық автомобильмен

жүк тасымалдауды жүзеге

асыруға автомобильмен

тасымалдаушыға рұқсат беру

қағидаларына

9-қосымша

Нысан

(көліктік бақылау органының атауы)

Өтініш

Жаңа шетелдік рұқсатты қолданбай, халықаралық автомобильмен жүк тасымалдауды жүзеге асыруға рұқсат беру күелігін және (немесе) шетелдік рұқсатты қолдана отырып, автокөлік құралына рұқсат беру карточкасын алуға

(жеке кәсіпкердің ТАӘ (бар болған жағдайда) заңды тұлғаның атауы)

Мынадай автокөлік құралдарына:

1) жеке кәсіпкердің ТАӘ (бар болған жағдайда), атауымен, орналасқан жерінің өзгеруіне;

2) заңды тұлғаның атауының, орналасқан жерінің өзгеруіне және қайта үйимдастырылуына;

3)) автокөлік құралының мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісінің ауысуына байланысты Халықаралық автомобильмен жүк тасымалдауды жүзеге асыруға жаңа рұқсат беру қуәлігін және (немесе) рұқсат беру карточкасын беруінде сұраймын.

(көрегінің астын сызу)

№ п/п	Автокөлік құралының маркасы	Мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі	А К Қ сәйкестендіру нөмірі (VIN)	Тенгерімдегі АКҚ/ Жалға а л у құқығындағы АКҚ	АКҚ жалға а л ф а н жағдайда, АКҚ жалға а л у шартының қолданылу мерзімі	Жүргізушінің ТАӘ (бар болған жағдайда) ЖСН
-------	-----------------------------	-------------------------------------	----------------------------------	---	--	--

ЖСН/БСН _____

Мекенжайы _____

(индекс, қала, аудан, облыс, көше, үйдің №, телефон, факс)

Қоса берілетін құжаттар:

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді

пайдалануға келісемін _____

ТАӘ (бар болған жағдайда) (қолы)

Мөр орны (болған жағдайда)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

АКҚ – Автокөлік құралы;

ЖСН - Жеке сәйкестендіру нөмірі;

БСН - Бизнес сәйкестендіру нөмірі;

ТАӘ - тегі, аты, әкесінің аты.